«Келісілді»
ИП «АС» «Умники» жеке бөбекжайы
әдіскері: К.Г.Арыстанова___________

«Бекітілді»
«ИП» «АС» «Умники» жеке бөбекжайы
директоры: А.А.Смаилов

# 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
# «Айгөлек» әртүрлі ортаңғы тобы

**Музыка жетекшісі: Наурызгалиева Ж.Ж**

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Қыркүйек | Музыка | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.<br>**Ән айту:** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру. | Музыкалық сүйемелдеумен ән айту дағдыларын біледі.Таныс әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратады. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Қазан | Музыка | **Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау.<br>**Ән айту:** Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту).<br>**Музыкалық- ырғақтық қимылдар:** Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер | Музыкалық шығарманы эмоиямен қабылдай біледі.Музыка сипатына сәйкес қозғалады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Қараша | Музыка | **Музыка тыңдау:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады.<br>**Ән айту:** Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау:** Балаларға арналған музыкалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | Бұрын тыңдалған шығарманы анық орындай алады.<br>Музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп, (кім, не туралы айтылатыны) көңіл-күйін білдіреді |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Желтоқсан | Музыка | **Музыка тыңдау:** Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратады. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:** Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. | Жоғарғы дауыс пен төменгі дауыспен ән салады, қол қозғалыстарын жақсы біледі. |

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** | **Күтілетін нәтижелер** |
|---|---|---|---|
| Қаңтар | Музыка | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.<br>**Ән айту:** Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би | Музыкадағы бейнелерді танып, ажыратып, әр әннің қимылын, бейнелей біледі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Ақпан | Музыка | **Музыка тыңдау**: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту**: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Ойындарға, хор айтуға қатысу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. | Ән сипатын ұғыну, әннің көңіл-күйін ажырата алады.<br>Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды музыкалық шығарманың түріне сәйкес өздігінен ауыстыра отырып орындайды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Наурыз | Музыка | **Музыка тыңдау:** Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.<br>**Ән айту:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музыкалық | Әуеннің сипатын таниды.<br>Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер мен пьесаларды) ажыратады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. | |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Сәуір | Музыка | **Музыка тыңдау:** Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді ) байқауға үйрету.<br>**Ән айту:** Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату (октава шегінде), әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. | Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдайды, әуенді дұрыс , нақты интонациямен орындайды. Әнді бірге бастап, бірге аяқтайды. |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері | Күтілетін нәтижелер |
|---|---|---|---|
| Мамыр | Музыка | **Музыка тыңдау:** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка, тұяқ, сырнай) дыбысталуын аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ ажырата білуді жетілдіру. Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.<br>**Ән айту:** Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Сылдырмақтарды | Әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ыстық ықыласпен айта біледі. Балалардың музыкалық аспаптарының дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қиылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату. | |